

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 865 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне" деген бөлім алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігіне

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне

408. "Халықаралық туризм және меймандастық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

408-1. "Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне

408-2. "Қазспортиввест" акционерлік қоғамы".

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес респубикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жасау жөніндегі уәкілдегі орган болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және

спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетіне және Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын берсін.

5. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 4 қазандагы
№ 865 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі туралы ереже

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті;

3) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2024 № 721 қаулысымен.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген

мөрлери және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
 6. Министрліктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұған уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
 7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
 8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.
 9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, № 15 кіреберіс.
 10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.
 11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.
 12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
- Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда одан алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Министрліктің міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:
мына салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру:
 - 1) дene шынықтыру және спорт;
 - 2) ойын бизнесі;
 - 3) лотереялар және лотерея қызметі;
 - 4) туристік қызмет, туризм және туристік индустрия.
14. Өкілеттіктері:
 - 1) құқықтары:
өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдау;
мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және материалды сұрату және алу;
Министрлік жанынан консультативтік-кеңесші органдар құру;
сотқа жүгіну;
 - ведомстволарға өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндettілігі:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қабылдау және қарau;

Министрлікке жүктелген міндettter мен функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету;

өз құзыretі шегінде орындалуы міндettі нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

Министрліктің тенгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

Министрлікке бөлінген бюджет қаражатын толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Укіметінің актілеріне сәйкес өзге де міндettterді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) спорт және дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

3) дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі, туристік қызмет салаларындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

4) Министрлік реттейтін салаларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізеді;

5) Министрлік реттейтін салаларда кадрларға қажеттілікті айқындауды;

6) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша Министрлік реттейтін салалардағы ұйымдардың басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

7) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Министрлік жетекшілік ететін салаларда заттай нормаларды әзірлейді және бекітеді;

8) Министрлік реттейтін салаларда Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасына сәйкес заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасайды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік жазалар қолданады;

9) мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша мемлекеттік органның даму жоспарын бекітеді;

- 10) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшемдердің тізбесін бекітеді;
- 11) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 12) саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, кәсіптік одақтармен және өзге де ұйымдармен Министрліктің құзыretіне жататын мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды;
- 12-1) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімде петицияларды қарайды;
- 13) Министрліктің кадр саясатында гендерлік теңдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 14) өз құзыretі шегінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 15) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлейді және бекітеді;
- 16) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер жүргізудің жартышылдық кестелерін бекітеді;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптаушытарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарau және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізуді жүзеге асырады;
- 18) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптаушытарын әзірлеуді жүзеге асырады;
- 19) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарайды;
- 20) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру бойынша ұсыныстар дайындаиды;
- 21) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;
- 22) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;
- 23) уәкілетті органмен келісу бойынша әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, сондай-ақ көрсеткіштерді есептеу әдістемелерін бекітеді;
- 24) арыз иелері көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізеді және оларды анықтайды;

25) ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізу үшін статистикалық нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітеді;

26) көтермелеудің салалық жүйесін әзірлейді және бекітеді;

27) жеңімпаздарына дene шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат етілетін халықаралық, республикалық спорттық жарыстардың тізбесін қалыптастырады және бекітеді;

28) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, дene шынықтыру мен спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат береді;

29) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың дene шынықтыру және спорт жөніндегі басқару органдының бірінші басшысын лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатуды келіседі;

30) дene шынықтыру және спорт саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

31) Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

32) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тестілерін өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

33) оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілер мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

34) Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне ақшалай көтермелеудің мөлшері туралы ұсыныстар енгізеді;

35) халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне ақшалай көтермелеудің мөлшерін бекітеді;

36) дene шынықтыру және спорт сабактарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

37) спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын әзірлейді және бекітеді;

38) аккредиттелген республикалық федерациялардың ұсыныстары бойынша жаттықтырушыларға және спорт төрешілеріне аттестаттау жүргізу қағидаларын бекітеді;

39) спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, төсбелгілер беру қағидаларын, сондай-ақ олардың сипаттамасын әзірлейді және бекітеді;

40) жарыстар түрлерінің, оқу-жаттығу жиындарының тізбесін бекітеді және олардың сыныптамасын айқындайды;

41) спорттық іс-шараларды өткізу қағидаларын бекітеді;

42) спортшының бір дene шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дene шынықтыру-спорт ұйымына ауысу қағидаларын бекітеді;

43) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорттық жарыстарға қатысу үшін спортшыларды медициналық зерттең-қарау қағидаларын бекітеді;

44) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорттық іс-шараларды өткізу кезінде, спортшылардың денеге аса күш түсіруінен, ауруларынан және жарақаттануларынан кейін қалпына келтіру іс-шаралары кезеңінде спортшылар мен жаттықтырушыларды медициналық қамтамасыз ету және оларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекітеді;

45) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорттық медицина ұйымдарының құрылымдарын және олардың қызметі туралы ережелерді бекітеді;

46) спорт федерацияларын аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

47) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамдарын қалыптастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

48) спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесін жүзеге асыратын дene шынықтыру-спорт ұйымдарында спорт түрлері бойынша спортшылардың жас шамасын бекітеді;

49) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командалары (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелерінің халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алған және мертіккен кезде оларға өтемақы төлемдерін төлеу қағидаларын бекітеді;

50) спорт түрлерін, спорт салаларын тану және спорт түрлерінің тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекітеді;

51) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбесін қалыптастыру қағидаларын бекітеді;

52) оқу-жаттығу процесі, спорттық резервін және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау, допингке қарсы қызмет, ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және фармакологиялық қамтамасыз ету жүзеге асырылатын ұйымдар және спортшыларды медициналық көмекпен қамтамасыз ететін ұйымдар үшін ұлгілік штаттарды әзірлейді және бекітеді;

53) спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

54) республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын спорттық іс-шараларға, оның ішінде дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін оқу-жаттығу жиындарына бөлінетін ақша қаражатын жұмсау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

55) спортшыларға, жаттықтырушыларға, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандар мен дене шынықтыру-спорт ұйымдарына "Ұздік" номинациясында атақтар беру қағидаларын бекітеді;

56) спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары түрлерінің тізбесін және олардың қызметі қағидаларын бекітеді;

57) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернattары қызметінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

58) олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері, спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернattары үшін спорт түрлері бойынша білім берудің ұлгілік оқу бағдарламаларын бекітеді және олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің оқу бағдарламаларын келіседі;

59) ұлттық спорт түрлерінің тізбесін бекітеді;

60) олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері, спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернattары үшін спорт түрлері бойынша ұлгілік оқу жоспарларын бекітеді және олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің оқу жоспарларын келіседі;

61) спорт түрлерінде пайдаланылатын жануарлар мен құстардың жем-азығы нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

62) жоғары дәрежелі спортшылармен, жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын жаттықтырушылармен және дене шынықтыру және спорт

саласындағы мамандармен спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақша төлемінің мөлшерін бекітеді;

63) денсаулық сактау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мүгедектігі бар спортшыларға сыныптау жүргізу тәртібі мен шарттарын бекітеді;

64) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спорт саласындағы білім беру ұйымдарының қызметі туралы қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

65) спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесін әзірлейді және бекітеді;

66) Қазақстан Республикасында спорт түрлерін саралау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

67) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар өткізетін спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлері үшін жүлделер құнының мөлшерін әзірлейді және бекітеді;

68) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсептін ақшаны жұмсауы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

69) Қазақстан Республикасының спорттық әдебін әзірлейді және бекітеді;

70) балалар-жасөспірімдер спорт мектептері желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін әзірлейді және бекітеді;

71) дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

72) Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғынжай беру және оны пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

73) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірынғай операторды айқындайды;

74) балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

75) балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

76) мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

77) балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларының рейтингін айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

78) спортшыны тіркеу туралы күелікті беру және ауыстыру, спорт федерацияларының спортшыны тіркеу туралы мәліметтерді ұсыну тәртібін, сондай-ақ спортшыны тіркеу туралы күеліктің нысанын бекітеді;

79) мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда, дene шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе женілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ женілдіктер мөлшерін белгілейді;

80) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарына және басқа да халықаралық жарыстарға даярлау жөніндегі ұйымдастыру комитеттерінің құрамдарын бекітеді;

81) аккредиттеген республикалық спорт федерацияларымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, республикалық және халықаралық спортық жарыстарды, оның ішінде ардагер спортшылар арасында өткізеді;

82) ұлттық спорт түрлері бойынша республикалық спорт федерацияларымен бірлесіп, халықаралық және республикалық жарыстарды өткізууді, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) халықаралық және республикалық спортық жарыстарға даярлауды және олардың қатысуын ұйымдастырады;

83) дene шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми зерттеулерді, олардың нәтижелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дene шынықтыру және спорт практикасына енгізууді ұйымдастырады және үйлестіреді;

84) спортта допингке қарсы іс-шаралардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

85) спортшылар мен жаттықтырушыларға: "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері", "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген жаттықтырушысы" спортық атақтарын береді, спортшылар мен жаттықтырушыларды осындау спортық атақтарынан айырады;

86) біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі, ұлттық спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді, біліктілік санаттарынан айырады;

87) республикалық және өнірлік спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асырады;

88) халықаралық спортық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне ақшалай көтермеледеуді төлеу және оны қайтару қағидаларын бекітеді;

89) спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу қағидаларын бекітеді, олардың мөлшерін белгілейді;

90) спорт түрлөрі бойынша кешенді нысаналы бағдарламаларды және спорт түрлөрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлөрі бойынша ұлттық құрама командалардың) спортшыларын даярлаудың жеке жоспарларын бекітеді;

91) спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жүзеге асырылатын дene шынықтыру-спорт ұйымдары үшін спорт түрлөрі бойынша бағдарламаларды бекітеді;

92) аккредиттелген республикалық спорт федерацияларының ұсынуымен спорт түрлөрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрлөрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамдарын жыл сайын бекітеді;

93) спорт түрлөрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлөрі бойынша ұлттық құрама командалардың) бас жаттықтырушыларын және спорт түрлөрі бойынша мемлекеттік жаттықтырушыларды аккредиттелген республикалық (өнірлік) спорт федерацияларының ұсынуымен, олимпиадалық спорт түрлөрі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетімен келісу бойынша, паралимпиадалық спорт түрлөрі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық паралимпиада комитетімен келісу бойынша, сурдлимпиадалық спорт түрлөрі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық сурдлимпиада комитетімен келісу бойынша лауазымдарға тағайындауды және олардан босатады;

94) спорт түрлөрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлөрі бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне халықаралық спорттық жарыстарда спорттық жарақаттар алуы және мертігіүі кезінде оларға өтемекі төлемдерін төлеуді жүзеге асырады;

95) халықаралық спорттық жарыстарға дайындалу және қатысу кезінде спорт түрлөрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлөрі бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелерін сақтандыруды қамтамасыз етеді;

96) республикалық аккредиттелген спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;

97) дene шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының тізілімін жүргізеді;

98) "Үздік спорт журналисі" атағын беру қағидаларын масс-медиа саласындағы уәкілдекті органмен келісу бойынша әзірлейді;

99) халықаралық және республикалық спорттық жарыстардың ережелерін (регламенттерін) бекітеді;

100) спорттық іс-шаралардың шығыстар құрылымын бекітеді;

101) жергілікті атқарушы орган ұсынған спорттың басым түрлерінің өнірлік тізбесін келіседі;

102) халықтың әртүрлі топтарының жас шамасын, кәсіптік және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, дene шынықтыру мен спортты насихаттауды жүзеге асырады;

103) мүгедектігі бар адамдарға арналған дene шынықтыру-спорт ұйымдарындағы оқу-жаттығу процесінің спорт түрлері бойынша даярлық кезеңдерінің мазмұнын, бағдарламасын бекітеді;

104) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, республикалық спорт жарыстарын өткізуі ұйымдастырады;

105) мүгедектігі бар адамдар арасындағы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) даярлауды және олардың халықаралық спорт жарыстарына, оның ішінде Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарға және Дүниежүзілік арнаулы олимпиадалық ойындарға дene шынықтыру-спорт ұйымдарымен бірге қатысуын ұйымдастырады;

106) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тестілерін орындау жөніндегі жұмысқа басшылық жасауды және оны бақылауды жүзеге асырады;

107) Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық штаттық құрама командалардың) сандық құрамын бекітеді;

108) дene шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі бірынғай операторды айқындау қағидаларын бекітеді;

109) қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсатында қаруды қолдану қағидаларын бекітеді;

110) кешенді спорттық іс-шараларға қатысатын спортшылар санының Қазақстан Республикасы спорттық делегациясының өзге де мүшелерінің сандық құрамына онтайлы арақатынасын айқындау жөніндегі нормативтерді бекітеді;

111) туристерді орналастыру орындарын жіктеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

112) туристік қызмет саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

113) туристік қызмет көрсетуге үлгілік шартты бекітеді;

114) туризм саласындағы мамандарды кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптарды айқындауды;

115) туроператорлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

116) туристік көрсетілеттің қызметтер ұсыну қағидаларын бекітеді;

117) турагенттік қызметтің, Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлер ретінде қызметтің жүзеге асыратын гид, экскурсовод және туризм нұсқаушысы қызметтің басталғаны туралы хабарламаға қоса беру үшін мәліметтердің нысандарын бекітеді;

118) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;

119) басым туристік аумақтарды қалыптастыру, олардың жұмыс істеу және оларды басқару қағидаларын бекітеді;

120) туристендіру картасын бекітеді;

121) Қазақстан Республикасының аумағында кәмелетке толмаған жолаушыларды әуемен тасымалдау кезінде туристік өнімге қосылған билет құнын субсидиялау қағидаларын бекітеді;

122) туристік көрсетілетін қызметтерді өтеу қағидаларын бекітеді;

123) әрбір шетелдік турист үшін келу туризмі саласындағы туроператорлардың шығынын субсидиялау қағидаларын бекітеді;

124) туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығынының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекітеді;

125) кәсіпкерлік субъектілерінің тау шаңғысы курорттарына арналған жабдық пен техника сатып алу бойынша шығынының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекітеді;

126) кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығынының бір бөлігін субсидиялау қағидаларын бекітеді;

127) кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығынының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекітеді;

128) туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығынның бір бөлігін өтеу қағидаларын бекітеді;

129) салалық, субъектілік және объектілік қағидаттар бойынша Қазақстан Республикасындағы туризм бағыттарының сыныптауышын қалыптастырады және бекітеді;

130) ұлттық туристік брендтер тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;

131) туристік салаға инвестициялар тарту жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

132) туристік қызмет саласындағы салааралық және өніраалық үйлестіруді, туристік қызметті жүзеге асыратын отандық, шетелдік және халықаралық туристік, қоғамдық және басқа да ұйымдармен және адамдармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

133) Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

134) туристік қызмет саласындағы халықаралық шарттарды әзірлейді, жасайды және орындейді, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және халықаралық іс-шараларда мемлекеттің туризм саласындағы мүдделерін білдіреді, олардың жұмысына қатысады;

135) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, туристік қызмет аясындағы стандарттау саласындағы қызметті реттейді;

136) Қазақстан және оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде, оның ішінде туристік қызмет саласындағы республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрменкелер өткізу арқылы таратады;

137) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес турагенттік қызметтің, Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлер ретінде қызметтің жүзеге асыратын гид, экскурсовод және туризм нұсқаушысы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама берген адамдардың мемлекеттік электрондық тізілімдерін жүргізеді;

138) туризм инфрақұрылымын салу және жетілдіру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

139) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына күтіп-ұстау кезінде шығынның бір бөлігі өтелетін санитариялық-гигиеналық тораптар тізбесін келіседі;

140) туристік саланы дамыту бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізуі ұйымдастырады;

141) әрбір шетелдік турист үшін келу туризмі саласындағы туроператорлардың шығынның субсидиялайды;

142) кәсіпкерлік субъектілерінің тау шаңғысы курорттарына арналған жабдық пен техника сатып алу бойынша шығынның бір бөлігін өтейді;

143) туристік қызметті жүзеге асыратын адамдарды және туристерді уақытша болатын елдегі (жердегі) ықтимал қауіп туралы хабардар етеді;

144) мұдделі министрліктермен және басқа да атқарушы органдармен бірлесіп, туристердің қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

145) Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі субъектілерінің міндеттемелерді орындаудың қамтамасыз етеді;

146) Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындауға арналған конкурсты өткізу қағидаларын бекітеді;

147) өткізілген конкурс негізінде Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындейды;

148) Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын, шығу туризмі саласындағы қызметті жүзеге асыратын туроператорлар мен туроператорлар-әуе кемесімен жалданушылар үшін банктік кепілдікпен қамтамасыз етуге жататын ақша

сомасын, Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісі үшін арнайы ашылған банктік шотқа аударылуға тиіс ақша сомасын бекітеді;

149) Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі үшін арнайы ашылған банктік шотқа аударылуға тиісті ақша сомасынан ұсталатын комиссиялық алым мөлшерін бекітеді;

150) шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекітеді;

151) туризм жөнінде кеңес құрады;

152) туристік қызмет саласындағы мемлекеттік ғылыми қамтамасыз ету жүйесін құрады;

153) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 796 қаулысымен;

154) ойын бизнесін ұйымдастырушиның "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын әзірлейді және бекітеді;

155) ойын бизнесін ұйымдастырушиның есептілікті ұсыну нысанын, ойын бизнесін ұйымдастыруши ұсынатын есептілікті жинауды және талдауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

156) ақпаратты жүйелі түрде жинауды және интернет-ресурстардың мазмұнын интернет-казино, Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерінің болуы-болмауы түрғысынан талдауды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

157) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жоспардан тыс тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады;

158) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.09.2024 № 796 қаулысымен;

159) ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын бизнесі, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

160) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

161) лицензиардың электрондық тізілімін жүргізеді;

162) тотализаторлар мен букмекерлік кеңселер кассаларының тізілімін жүргізеді;

162-1) қызметі Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болып табылатын шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың тізбесін жүргізеді және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

162-2) бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуі және бірыңғай есепке алу жүйесінде қамтылған ақпаратты өзге тұлғаларға беру қағидаларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзірлейді және бекітеді;

162-3) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау қағидаларын және оған қойылатын біліктілік талаптарын өзірлейді және бекітеді;

162-4) бәс тігуге қатысушыларға ұтыстарды төлеу кезінде бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға алатын комиссияның мөлшерін бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша белгілейді;

162-5) бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғамен ынтымақтастық мерзімін, оны ұзарту немесе тоқтату шарттарын айқындайды;

162-6) бекітілген қағидаларға және біліктілік талаптарына сәйкес бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындайды;

